

Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 23 мамырдағы № 08-1-1-1/201 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 маусымда № 8508 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысының 95-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ереженің 15-тармағы 129) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындау жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 1996 жылғы 9 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулы туралы" Ережесінің (Нормативтік-құқық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1997 жылғы 29 қаңтардағы № 254 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Консулдық қызмет департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Ыдырысов

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2013 жылғы 23 мамырдағы № 08-1-1-1/
201
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулдарының
функциялары мен өкілеттіктерін айқындау жөніндегі нұсқаулық
1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а . 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулдарының функциялары мен өкілеттіктерін айқындау бойынша Нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ережеге сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консулдарының қызметтерін реттеудің негізгі ережелерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 10.06.2016 № 11 -1-2/251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Құрметті (штаттан тыс) консул (бұдан әрі – Құрметті консул) өзінің қызметтік функцияларын орындау кезінде осы Нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар саласындағы заңдарын, Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

3. Құрметті консул өз қызметі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне есеп береді және болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің басшылығымен немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тапсырмасы бойынша, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттегі шет елдердегі мекемесінің басшылығымен өз қызметтерін орындайды.

4. Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер және ұйғарымдар қолданылады:

1) консулдық архив – құжаттар, хат-хабарлар, аудио және бейне материалдар, ақпаратты электрондық жеткізгіштер, кітаптар, журналдар, тізілімдер, картотекалар, шифрлар, кодтар, мөрлер, мөртаңбалар және консулдық функцияларды орындауға арналған өзге де заттар;

2) консулдық деректеме – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналастырылған тақта, Құрметті консулдың қолдануындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде Қазақстан Республикасының Құрметті консулдығының атауы жазылған мөр, мөртаңбалар мен бланкілер;

3) консулдық округ – консулдық функцияларды орындау үшін консулдық мекемеге бөлініп берілген аумақ;

4) консулдық үй-жайлар – меншік құқығы кімде болмасын, тек Қазақстан Республикасының Құрметті консулдығының мақсаты үшін ғана пайдаланылатын

ғимараттар немесе ғимараттардың бір бөлігі және сол ғимаратқа немесе ғимарат бөлігіне қызмет ететін жер учаскесі;

5) Қазақстан Республикасының Құрметті консулдығы (бұдан әрі – консулдық мекеме) – Құрметті консул басқаратын консулдық мекеме;

6) Құрметті консул – Қазақстан Республикасының құрметті консулдығын басқаратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде тұрмайтын, Қазақстан Республикасы атынан шет мемлекеттің аумағында консулдық округтің шегінде жекелеген консулдық функцияларды орындау тапсырылған адам.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 10.06.2016 № 11 -1-2/251 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Құрметті консулдың функциялары мен өкілеттіктері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а . 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Құрметті консул өзіне жүктелген функцияларды дербес орындайды.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Құрметті консулдың келісімімен, қажет болған жағдайда, ол басқаратын консулдық мекемеге консулдық функцияларды толық көлемде орындау үшін Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметкерін жібереді.

6. Құрметті консул өз функцияларын орындау кезінде:

өзі басқаратын консулдық мекеме ғимаратына Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнелеген тақта мен мемлекеттік тілде және болу мемлекетінің тілінде консулдық мекеме атауы жазылған тақта іліп қояды;

өзі басқаратын консулдық мекеменің ғимараттарына, оның резиденциясын қоса алғанда, сондай-ақ өзі жүретін көлікке Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын іліп жүре алады.

Осы тармақты орындау барысында Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар, халықаралық қатынастар саласындағы заңнамалары назарға алынады.

7. Құрметті консул өзінің консулдық округінен тыс жерге шыққаны жөнінде болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне алдын ала хабарлайды. Егер ол болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды.

8. Құрметті консул өзінің консулдық функцияларын орындау барысында оған басшылық ететін тек Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі арқылы ғана консулдық округтен тыс жеке және заңды тұлғалармен іс-қимылды жүзеге асырады.

9. Құрметті консул қызметіне қатысы жоқ консулдық функцияларды атқаруына байланысты іс қағаздарын жүргізу консулдық мекеме кеңсесінен бөлек жүргізіледі, ал оларды біріктіруге немесе араластыруға болмайды.

10. Құрметті консул тіркеу журналдарымен, мөртабандармен және басқа да қажетті консулдық деректемемен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен немесе болу мемлекетіндегі өзіне тікелей басшылық ететін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен қамтамасыз етіледі.

Құрметті консулдың қолданысындағы консулдық деректеме мен консулдық мұрағат Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады. Құрметті консул олардың сақталуы мен қол сұғылмаушылығына тиісті шаралар қабылдайды.

Құрметті консулға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі жылына бір рет Құрметті консулдың құзыретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, ресми мөрлері мен мөртабандарына, сондай-ақ консулдық мұрағатқа тексеріс жүргізеді.

Консулдық деректеме Құрметті консулдың өкілеттігі тоқтатылғанда, болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне, егер ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дереу қайтарылады.

11. Құрметті консулдың жұмыс бабындағы қызметіне қатысты консулдық хат-хабарлар, сондай-ақ ресми кітаптар мен басылымдар Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен берілген Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

Құрметті консулдың консулдық хат-хабарлары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің рұқсатынсыз жариялануына немесе басқа үшінші адамға беруге болмайды.

12. Құрметті консул өзінің өткен жылғы консулдық қызметі жайлы жылдық есебін әр жылдың 31 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне, ол болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынады.

Мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалған жылдық есепте Құрметті консулдың консулдық округте уақытша немесе тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты қызметі жайлы, Қазақстанның қатысуымен құрылған ұйымдар мен фирмалар, консулдық округке келіп кеткен Қазақстан Республикасының әуе және теңіз кемелерінің экипаждары туралы, жүзеге асырылған консулдық іс-қимылдар туралы ақпарат, болу мемлекетінің консулдық қызметке қатысты жаңа заңдары туралы мәліметтер, имидждік жобалардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ консулдық округтың сауда, экономика және мәдени өміріндегі негізгі оқиғалары туралы баяндалады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 16.06.2026 № 11-1-4/328 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына қатысты:

1) өзіне басшылық ететін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен өзара іс-қимыл жасай отырып, өзінің консулдық аймағындағы Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары болу мемлекеті мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы және болу мемлекеті қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттармен берілетін барлық құқықтарды толық пайдалануы үшін шаралар қабылдайды және оған қажетті көмек көрсетеді;

2) өзінің консулдық округінде тұрақты тұратын және уақытша келген Қазақстан Республикасының азаматтарына болу мемлекетінің заңнамасы жөнінде және жергілікті салт-дәстүрлері туралы хабардар етеді;

3) төтенше жағдайлар туындағанда Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен бірлесе отырып, форс-мажор жағдайына түскен Қазақстан Республикасының азаматтарына барынша көмек көрсетеді және оларға материалдық, қаржылық және басқа да шығындарына болу мемлекетінің мемлекеттік органдарының өтемақы төлеуіне көмектеседі, олардың Қазақстан Республикасына оралуына жәрдемдеседі;

4) өзінің консулдық округінде тұрақты немесе уақытша тұратын, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен Қазақстан Республикасының азаматтарын іздестіруге жәрдемдесу үшін болу мемлекетінің құзыретті органдарына өтініш жасайды;

5) Қазақстан Республикасы азаматтарының тұтқынға алыну, ұсталу немесе басқа да нысанда бас бостандығынан айырылуы жағдайында құрметті консул дереу болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне хабарлайды, ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабардар етіп, олардан түскен нұсқаулар бойынша әрекет етеді;

6) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен, егер ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, қамауға алынған немесе қылмыс жасады деген күдікпен ұсталған немесе Қазақстан Республикасы азаматының бостандығын шектейтін қандай да бір шараларға тартылған, бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан, сол секілді басқа да соттық немесе әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылған Қазақстан Республикасының азаматына қатысты болу мемлекеті заңнамасын және Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар ережелерінің сақталуын қадағалап отырады;

7) Қазақстан Республикасының және болу мемлекетінің заңнамасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының сотталған

азаматтарының жазасын жеңілдетуге, жазасын одан әрі Қазақстан Республикасында өтеуге ауыстыру үшін шаралар қолданады.

14. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде ақпараттық-имидждік қызметінде:

1) болу мемлекетінің саяси тұрақты жағдайы тұрғысынан Қазақстандағы саяси және экономикалық жаңғырту үдерістерін дұрыс бағалауды қамтамасыз етуге жәрдемдеседі, Қазақстанның оң имиджін қалыптастыруға, ілгерілетуге, оның рөлі мен беделін көтеруге көмектеседі, оның жетістіктерін болу мемлекетіндегі түрлі салаларда насихаттайды;

2) болу мемлекетіндегі жетекші орталық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан туралы оң жарияланымдардың шығуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы туралы ақпараттық имидждік сайттар жасайды және оларды мазмұндық жағынан толықтыруға және техникалық қолдау көрсетуге қатысты шаралар қабылдайды;

4) өзінің консулдық округіндегі отандастар мен Қазақстан Республикасының азаматтарына арналған мәдени-ағарту іс-шараларын өткізуге жәрдемдеседі.

15. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде сауда-экономикалық ынтымақтастыққа қатысты:

1) шетел капиталын, озық технологияларды және ноу-хауларды Қазақстанға белсенді түрде тартуға жәрдемдеседі. Болу мемлекетіндегі әлеуетті әріптестерді Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметінің негізгі ұстанымдарымен, инвестициялық ахуалымен, салық және кедендік саясатымен, инвестициялық жобалар мен өнеркәсіптік және инвестициялық ынтымақтастықтың техникалық-экономикалық параметрлерімен кеңінен таныстыруға көмектеседі;

2) Қазақстан экспортын ілгерілетуге көмектеседі, үкіметаралық комиссияларды, іскер кеңестерді, форумдарды, конференцияларды, бизнес-қоғамдастық өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

3) Қазақстанның туристік мүмкіндіктерін болу елінде кеңінен насихаттауға және шетел туристерінің үлкен легін тартуға, сондай-ақ Қазақстанның туристік оң имиджін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Қазақстанның халықаралық туристік көрмелерге табысты қатысуына көмектесіп, болу мемлекетіндегі белгілі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне Қазақстанның туристік мүмкіндігі туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды тарату үшін ақпараттық турлар ұйымдастырады.

16. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысты:

1) өзара мәдениет күндерін өткізуге, студенттер мен ғылыми кадрлардың алмасуына, Қазақстанға белгілі білім беру орталықтары мен оқу орындарына оқытушыларды тартуға, Қазақстанда олардың филиалдарын ашуға жәрдемдеседі;

2) өзінің консулдық округінде орналасқан оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттермен тұрақты қатынас жасайды, олармен байланыста болып, қажет жағдайда оларға қолдау және тиісті көмек көрсетеді.

17. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде визалық режимнің жеңілдетілуіне қатысты :

1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қажет болған жағдайда визалық тәртіпті жеңілдетуге, виза алуға кететін уақыт пен талап етілетін құжаттарды азайтуға көмектеседі;

2) консулдық округте орналасқан мүдделі мекемелерді Қазақстанда жүргізіліп отырған визалық саясат пен шет ел азаматтарының виза алуына қатысты жеңілдіктер жасаудың қадамдары туралы ақпараттандырады.

18. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде Қазақстан Республикасының әуе және теңіз кемелеріне қатысты:

1) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен өзара іс-қимыл жасай отырып, консулдық округ шегінде Қазақстан Республикасының болу мемлекетіндегі тиісті кемежайларындағы, аумақтық және ішкі суларындағы, әуежайларымен басқа да пункттеріндегі Қазақстан Республикасының теңіз және әуе кемелеріне консулдық қорғау мен көмек көрсетеді. Қазақстандық кемелерге болу мемлекетіндегі заңнамаларға және болу мемлекеті мен Қазақстан Республикасы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес, құқықтар мен иммунитеттердің толық көлемде берілуін бақылайды;

2) Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары мен командирлеріне және экипаждың барлық мүшелеріне жергілікті жердің тазалық жағдайы, әуежай және айлақ ережелері, болу мемлекетінің ұлттық заңнамасы мен жергілікті дәстүрлерін орындауға міндетті немесе оны басшылыққа алу керектігін, сондай-ақ жергілікті билікпен байланысқа түскен кезінде қажетті басқа да білу қажет болатын мәліметтермен хабардар етеді;

3) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары мен командирлерін болу мемлекетінің лауазымды адамдарымен кездесулері кезінде бірге алып жүреді;

4) Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары мен командирлеріне болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен байланыс орнатуына көмек көрсетеді;

5) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің келісімімен

Құрметті консул Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандарынан жүзу жағдайлары туралы ақпарат алады;

6) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің тапсырмасы бойынша кеме рөлдерінде кеме экипажы құрамындағы өзгерістер туралы белгі соға алады;

7) болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің келісімімен Қазақстан Республикасының теңіз және әуе кемелерінің мүшелері мен жолаушыларын емдеу және Қазақстан Республикасына қайтару жұмыстарын ұйымдастырады;

8) Қазақстан Республикасының азаматы, яғни экипаж мүшесі, не жолаушысы қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесімен, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша мүрдені, оның құжаттары мен жеке меншік заттарын Қазақстан Республикасына қайтару шараларын қолға алады;

9) Қазақстан Республикасының кемелері апатқа ұшыраған жағдайда болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дереу хабарлап, жолаушылар мен экипажды, кеме мен жүктерді құтқаруға байланысты өзіне тиесілі барлық шараларды қолданады;

10) Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары мен командирлеріне зардап шеккендерге қажетті дәрігерлік көмек көрсету және елге қайтару жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдем беріп, теңіз қызметтеріне қатысты наразылық актісі мен басқа да құжаттарды рәсімдеуге көмектеседі;

11) егер құрметті консулдың қолындағы мәлімет бойынша қандай да бір кемежайға тоқтау қауіпті, не мүмкін болмаса, бұл туралы Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары мен командирлерін ескертеді;

12) Қазақстан Республикасы кемелері капитандары немесе командирлері, экипаж мүшелері мен болу мемлекетінің кемежайы және ұйымдары мен фирмалары, полиция, кеден, өзге де жергілікті органдары арасында туындауы мүмкін дауларды шешуге көмектеседі;

13) Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты әртүрлі құжаттар қабылдап, ол жөнінде болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды;

14) Қазақстан Республикасы кемелерінің экипаж мүшелері үшін демалыс, мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсетеді.

19. Автомобиль, темір жол және өзен флоты кемелеріне қатысты қызметін орындау барысында құрметті консул осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көрсетілген нұсқауларды басшылыққа алады.

20. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде санитарлық қорғау бойынша:

1) аумағында карантиндік және басқа да жұқпалы ауру тараған жағдайда дереу Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне ауру тараған аудан атауын, жергілікті билік тарапынан қолға алынған індетке қарсы шаралар мен ауру жұқтыру жағдайларының санын мәлімдейді;

2) Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған адамдарды Қазақстан Республикасына кіру кезінде егу туралы халықаралық сертификаттары мен басқа да тиісті құжаттардың көрсетілу міндеттілігімен хабардар етеді;

3) болу мемлекетінің билігі эпидемия туралы мемлекет көлемінде ресми хабарлаған жағдайда, өзінің консулдық округі бойынша ауру жұқтырған және карантиндік тексеруден өтіп жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімін жасау шараларына кірісіп, болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіндегі қызметкерлерге Қазақстан Республикасы азаматтарын бактериологиялық жеке қорғаныс құралдарымен және тиісті дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етулеріне ықпалын тигізеді.

21. Құрметті консул өз өкілеттік шегінде фитосанитарлық және ветеринарлық қорғау бойынша:

1) консулдық округ шегінде адамдар мен жануарларға бірдей қауіпті ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері көбейіп, сондай-ақ үй жануарлары мен құстардың жаппай ауыруы орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, болу мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесіне дереу хабарлайды;

2) Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған адамдарды Қазақстан Республикасына кіру кезінде жануарлардың, шикізаттардың және мал өнімдерінің ветеринарлық сертификаттары мен тұқымдық өнімдерді, өсімдіктерді, көшеттерді және жаңа піскен өнімдер мен көкөністерді алып кіру ережелерін көрсету міндеттілігімен хабардар етеді.

3-тарау. Құрметті консулды тағайындау және оның қызметін тоқтату

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а . 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Құрметті консулдыққа қажетті іскерлік және адамгершілік қасиеттерге ие, қоғамда өзіндік жоғары орны бар болу мемлекетінің азаматы, Қазақстан Республикасының азаматы немесе басқа мемлекеттің азаматы тағайындалады.

Құрметті консул бір уақытта басқа мемлекеттің Құрметті консулы бола алмайды.

23. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің ұсынысы негізінде Құрметті консулды болу мемлекетінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі немесе оның міндетін атқаратын адам тағайындайды және міндеттерінен босатады.

Құрметті консул функцияларын одан әрі ұзарту мүмкіндігі беріле отырып бес жылға тағайындалады.

Құрметті консулды тағайындауға байланысты мәселелерді болу мемлекетімен келісу дипломатиялық арналар арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Құрметті консулға оның өкілеттіктерін куәландыратын, аты-жөні, азаматтығы, оған тиесілі санаты немесе сыныбы, консулдық округы мен консулдық мекеменің орналасқан жері көрсетілген патент береді.

Құрметті консулдың консулдық патентіне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі немесе оның міндетін атқарушы қол қояды.

25. Құрметті консул болу мемлекетінің келісімін (экзекватураны) алғаннан кейін өзінің функцияларын орындауға кіріседі.

Экзекватураның немесе оның орнына жүретін құжаттың Құрметті консулға берілген уақытты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі хабарлайды.

25-1. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі Құрметті консулдың консулдық патентінің мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Құрметті консулдың өкілеттіктері мен функцияларын ұзарту қажеттігі туралы хат жібереді.

Ескерту. Қағида 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 19.08.2022 № 11-1-4/428 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Құрметті консулдың функциялары мен өкілеттіктері:

1) Құрметті консулдың өкілеттігі тоқтатылатындығы және патенті жойылғандығы туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен болу мемлекетіне хабарлама берілген кезде;

2) болу мемлекеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне оны Құрметті консул ретінде санамайтындығы және оның экзекватурасы жойылғаны туралы хабардар еткен кезде;

3) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дипломатиялық арналар арқылы жіберген, себептері негізделген, Құрметті консулдың жеке өтініші бойынша;

4) консулдық патенттің мерзімінің аяқталған күнінен бастап тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі болу мемлекетін Құрметті консулдың атқаратын қызметінің тоқтатылғандығы туралы хабардар етеді.

27. Қызметке тағайындалғанда және одан босатылғанда Құрметті консул консулдық деректемені, консулдық мұрағатты акт бойынша болу мемлекетіндегі оған тікелей басшылық жасайтын Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінен, ал ол болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен қабылдайды және оған тапсырады.